

Жамбыл облысы Шу ауданының Бірлік және Тасөткел ауылдық округінің шекарасын (шегін) өзгерту туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2020 жылғы 3 сәуірдегі № 67 қаулысы және Жамбыл облыстық мәслихатының 2020 жылғы 3 сәуірдегі № 45-7 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 10 сәуірде № 4550 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Жамбыл облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мемлекеттік жер қоры есебінен:

1) 170,0 гектар жайылым жердің қосылуымен Жамбыл облысы Шу ауданының Бірлік ауылдық округінің;

2) 1728,45 гектар жайылым жердің қосылуымен Жамбыл облысы Шу ауданының Тасөткел ауылдық округінің шекаралары (шегі) өзгертілсін.

2. Осы нормативтік құқықтық актінің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың агроөнеркәсіпті дамыту, экология және табиғатты пайдалану мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына және облыс әкімінің орынбасары М.Шүкеевке жүктелсін.

3. Осы нормативтік құқықтық акт әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл облысының әкімі

Б. Сапарбаев

Жамбыл облыстық мәслихатының

сессия төрағасы

А. Едильбаев

Жамбыл облыстық

мәслихатының хатшысы

Б. Карашолаков

Жамбыл облысы әкімдігінің
2020 жылғы 3 сәуірдегі
№ 67 қаулысы және
Жамбыл облыстық
мәслихатының 2020 жылғы
3 сәуірдегі № 45-7 шешіміне
№1 қосымша

Жамбыл облысы Шу ауданы Бірлік ауылдық округінің ЭКСПЛИКАЦИЯСЫ

		Оның ішінде	
		оның ішінде	

Жер пайдаланушылардың атаулары	Жалпы көлемі, гектар	барлық ауыл шаруашылық алқаптары, гектар	егістік , гектар	көп жылдық екпелер, гектар	жайылым , гектар	бөгде жер, гектар
Бірлік ауылдық округі аумағы	565,0	365,0	62,0	3,0	300,0	265,0
Бірлік ауылдық округіне қосылған жер көлемі	170,0				170,0	
оның ішінде:						
Шу ауданы мемлекеттік жер қоры жерінен	170,0				170,0	
Бірлік ауылдық округінің шегі өзгертілгеннен кейінгі жер көлемі	735,0	365,0	62,0	3,0	470,0	265,0

Жамбыл облысы әкімдігінің
2020 жылғы 3 сәуірдегі № 67
қаулысы және Жамбыл
облыстық мәслихатының
2020 жылғы 3 сәуірдегі № 45-7
шешіміне №2 қосымша

Жамбыл облысы Шу ауданы Тасөткел ауылдық округінің ЭКСПЛИКАЦИЯСЫ

Жер пайдаланушылардың атаулары	Жалпы көлемі, гектар	Оның ішінде				бөгде жер, гектар
		барлық ауыл шаруашылық алқаптары, гектар	оның ішінде			
			егістік , гектар	көп жылдық екпелер, гектар	жайылым , гектар	
Тасөткел ауылдық округі аумағы	1740,0	1642,0	35,0	1,0	1606,0	98,0
Тасөткел ауылдық округіне қосылған жер көлемі	1728,45				1728,45	
оның ішінде:						
Шу ауданы мемлекеттік жер қоры жерінен	1728,45				1728,45	
Тасөткел ауылдық округінің шегі өзгертілгеннен кейінгі жер көлемі	3468,45	1642,0	35,0	1,0	3334,45	98,0